

“Дабысына табысы сай” делінген гой. Осы сөз отандық түсті метал лургиянын алыптары шогырланған өндірісті өнір атак-дан қы алысқа жанғырыққан сайын күлак түбінде күмбірлеп түрған дай болады. Мыс өндіруден әлемдік әлеуетті шогырдын алдынгы ондыгы сапына шыққан, алтыны, күмісі, мырышы жагынан да бәсекелесі шамалы “Казакмыс” корпорациясынын күш-куатын асырган Балкаш пен Жезказган соны кыз-кыз кайнатқан ортаны көзге елестетеді. Арканын алкасы атанған бұл карашаны рақтардын одан сайын кенейген тынысы, серпінді өрлеуі еліміз экономикасынын бірегей бетбұрысына берік тірек болып келеді.

Мемлекет басшысы мысты аймакка жұмыс сапарын Балкаш-тан бастады. Ірге қотергеніне биылғы қыркүйекте 70 жыл толған қаланың қоркі кіріп қалған. Бүгінгі дейінгі солғын оңи мүлдем өзгеріп, жайнап-жарқыраған келбеті қоныр күздің осынау әдемі күндерімен ажарланған қосшелері бойында иін тірескен жұрт Елбасынын өз орталарына келуін қуанышпен қарсы алды.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев алдымен “Балкаш түсті метал-тал” ОБ құрылысын аяқтаған күкірт ангидридін түту зауытына келді. Мұндай кәсіпорынның Балкашта салынуы себепсіз емес. Шағын шаһардағы өндіріс ошақтарының мүржаларынан қотерілген түтін аспанын торлап, ауасынан газ иісі аңқып, тымық күндерде тар-камай тынысты тарылтып тұра-тыны тұрғындар жанына қоптен батып жүрген жәйт болатын. Сондықтан бұл мәселені біржола шешу бойынша Елбасынын тап-сыр-масына сәйкес “Казакмыс корпорациясы” ЖШС Канаданың “Кеметикс” фирмасынын жоба-сын тандап, елімізде бұрын-соңды қолға алынбаған істі бастаған болатын. Оның салыну құны 34230,4 мың долларды құрайды. Бүгінде негізгі жұмыстары аяқталып қалған зауыт таяу арада толық қуатында жұмыс істеуге қосады.

Елбасы цехтарды аралап, орнатылған құрал-жабдықтарды қорді. Газдың сүзілуін, күкірттің түтылып қалуын, түтіннің молшерден тыс жайылмауын қамтамасыз ететін озық технологияны таныстырған зауыт мамандары, сондай-ақ оның қалай қолданылатындығына түсіндірме берді. Олар баяндағандай, күкірт диоксиді 99,5-99,7 пайызға дейін түтылып, бүгінгі қоса тиімді жағы — күкірт қышқылын өндіруге болады. Бағалы металдар өндеуге аса қажетті бұл өнім шетелдерден сатып алынып жүр. Енді бірлестік алдағы уақытта оны өзі өндіріп, оған мүқтажын қамтамасыз ете алады. Өндірісті қоршаған ортаға залал-зияны тимейтіндей жанаша құруга бағытталған осындай шара Жезказгандағы мыс қорыту зауытында да жалғасып жатқандығы айтылды.

Елбасы ұжым мүшелерімен кездесуде:

— Маған металлург ретінде балкаштықтар өнбегі жақсы таныс. Бүгінгі қала өміріндегі үлкен оқиғаның қуәгері болып тұрмыз. Қоп жылдан бері сіздердің қонілде-рі-нізді мазалап келген озық мәселені шешуге мүмкіндік туды. “Казакмыс” корпорациясы бұдан былай қарай ауаның ластануынсыз жұмыс істейтін өндірісті құрды. Бұл — іс

осындай талапка сай бейім-делген дүние жүзіндегі екінші кәсіпорын. Мұндай таза эко-логиялық жобаның іске асуының аймаққа ғана емес, еліміз үшін маңызы зор. Ол Қазақстанның өсетін әлеуетті мүмкіндігін көрсетеді, – деді.

Кездесуде сөз алған зауыт жұмысшысы Нұрғазы Жексенбаев, учаске бастығы Берік Өліпов және басқалары Мемлекет басшысының ел экономикасын одан әрі дамыту жолындағы саясатын қолдап, Балқаштың экологиялық жағдайын жақсартуға арналған тікелей қамқорлығына ризалықтарын білдірді.

Осыдан соң Нұрсұлтан Назарбаевтың қаланың төрінде орнатылған Ағыбай батырдың ескерткіші алдына жиналған қалың қауым күтіп тұрған еді. Биіктігі 5,5 метр тұрғыдағы қоладан құйылған әйгілі бағадүр тұлғасы асқар көрінеді. Балқаш көлінің маңайындағы Тасаралдан Кенесары ханның қолына қосылып, азаттық күреске ақтық деміне дейін адал болған данқты қолбасшы бейнесін қарағандылық үшінші Жаубасар Қалиев сомдапты.

Жаңа ескерткіш жанында жиналған балқаштықтармен Нұрсұлтан Өмірзақов емен-жарқын аман-дасып, халқымызға ортақ мақтаныш батырдың ескерткіші ашылуымен құттықтады.

Балқашта кейінгі жылдарда озгерістер көп. Әсіресе, сәулетті ғимараттар қатары көбеюі шағар шырайын аша түсіп отыр. Соның бірі қалалық сот үйі саналады. Осында болған Елбасы назарынан судьялардың жұмыс істеу жағдайы да тыс қалмады.

Мемлекет басшысы сонымен бірге қаладан шеткергі тұста, қолдін әсем бір қолтығында орын тепкен “Балқаш тұтметалл” ОБ сауықтыру орнында болды. Бұдан 35 жыл бұрын салынған онда жыл сайын 3 мыңға жуық адам денсаулықтарын түзей алады. Оның бір-лестік еңбеккерлеріне өте қолайлы жағы — ондірістен қол үзбей-ақ ем-дом қабылдауларына мүмкіндігі бар. Мұның сыртында ем-де-лу-ге бол-машы ғана ақы төленетіндігі қай-қайсысының дер кезінде тексеріліп, денсаулық-тары қалпына келтіруге әсер етеді.

Былтырдан бастап оны толық жөндеуден өткізу, жанарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ол кенейтіліп, көркейтілісімен осы заманғы озық үлгідегі санаторийлік орталыққа айналмақ. Жаңа медициналық диагностикалық және реабилитациялық құралдармен жабдықталады. Өткен жылы бұл мақсатқа 4243,5 мың доллар жұмсалса, биыл қосымша 4976 мың доллар бөлінген.

Елбасы шипажайды аралап қору кезінде дәрігерлермен әңгімелесіп, емделушілерден медициналық қызметке талап-тілектерін сұрап білді. Президент былай деді:

– Балқаштың ондірістік ошақ болуымен қатар, туризм орталығына айналуға мүмкіндігі бар, қаланың және қолдін экологиялық жағдайы жылдан-жылға сауығып келеді. Бұл аймақта қазақстандықтардың демалып тынығуына қолайлы жағдайлар жасала түсуде. Еліміздің көрікті аймақтарының бірі саналатын Балқаш аймағындағы туризмді дамытуға инвесторлар тарту қажет. Ендігі міндет – бұл өндірісті көпшіліктің сүйсіне демалатын орнына айналдыру керек.

Балкаштан кейін Президент Нұрсұлтан Назарбаев Сәтбаев қаласына келді. Кейбір жерлерге танқалдырарлықтай құбылыстар бұл жақта бүгінде қалыпты қорі-ніске айналып барады. Мәселен, Сәтбаев шаһарындағы спорттық-сауықтыру кешенінің бір озі сырт қозді тамсандырмай қоймайды. Экономикалық дамумен қатар, әлеуметтік сала әлеуетін қотеруді мақсат тұтқан “Қазақмыстың” жұмысшылары мен қызметшілері тыныс-тіршіліктерін қызғылықты етуге ештеңе аянбайтындығы аян. Соған аталған кешен айғақ. Алыс-тан тонкерілген алып шарды елес-тететін, ауа үрленіп қотерілген, аумағы атшаптырым жеңіл ша-тыр-лы үш ғимарат іші қысы-жазы спортты серік өткендерден арыл-майды.

Сәтбаевтықтардың үлкен-кі-ші-сінің сүйікті орны болып табыла-тын мұнда футболмен де, жүгіру-мен де, жүзумен де, хоккеймен де шұғыл-дануға есік ашық. Ал дүбірлі жарыстарда 2500 жанкүйер сыйып кетеді.

Осындағы спорт кешенінде “Қазақмыс” қорпорациясының құрылғанына 10 жыл толуына арналған салтанатты кеш өтті. От-пелі кезен қиындығында өндірісі тоқырап, мындаған адамдар жұмыссыз қалуға қауіп төнген бұрынғы “Жезқазғантүстіметалл” өндірістік бірлестігін дер кезінде қолтығынан демеп, алға дамуға тартқан “Самсунг Дойчланд ГмбХ” фирмасы болатын. Осын-дай мықты инвестордың табылуы арқасында ол аз уақытта енесін қайта түзеп, түлеп-жанаруға бет бұрды. Қазір “Қазақмыс” қор-пора-циясының қамқорлығындағы Жезқазған, Балқаш өңірлеріндегі өндіріс ошақтары еліміз экономика-сының берік тірегіне айналды. Бүгінде аталған компания жылына 430 мың тонна жоғары сапалы шак-пак мыс, 70 мың тоннаға жуық мырыш, 750 тонна күміс және 4 кило алтын шығаратын әлемге әйгілі өндіріс алыбы.

– Қазақстан индустриясының бесігі әрі қарашанырағы болып табылатын Жезқазған аймағының екінші тынысы ашылып, қайта орлеуіне “Қазақмыс” қорпорация-сы-ның қосып отырған үлесі үлкен. Бұдан 10 жыл бұрын бұл жақ қиын жағдайды бастан кешіргені ұмы-тыла қойған жоқ. Талай жыл-дар бойы өңір тыныс-тіршілігінің негізі болып келген мыс өндірісі-нің құлдырауы әлеуметтік-эконо-микалық жағдайдың тығырыққа тірелуіне әкеліп соққаны есте-рі-ніз-де. Сондай күрделі шакта “Қазақ-мыс” компаниясы мемлекеттік мақ-сат-мүддеден шығып, аймақ-тағы өзгерістерге оркен жайдырды. Соның жақсы нышандарына жез-қазғандықтар мен балқаштық-тар-дың бүгінгі өмірдегі қен тыныс-тіршілігі айғақ.

Еліміз дамудың жана бағытына бет түзеп отыр. Кешегі алға қойған міндеттер қандай күрделі болса, келешек қожиегін қенейтуге қоз-делген мақсаттар одан да биік. Әлемнің дамыған елдерінің ортан беліне қосылу, қай салада бол-ма-сын бәсекеге қабілетті мемлекет-тер қатарынан қоріну – страте-гиялық бағыт.

Алдағы жылдарда ел экономикасы екі есеге өседі. Экономика-ның жақсаруы өмірдің барлық саласын алға тартады. Демек, халқымыздың әл-ауқаты жақсара түсуіне жол ашылады деген сөз. Мұның бәрі еліміздің ертенгі болашағы жастар үшін жасалып жатыр. Қазір бұкіл әлемге таныл-ған жана Қазақстанның келешегі солардың қолында, – деді Нұрсұлтан Назарбаев мере-келік салтанатқа қатысушыларға арнаған сөзінде.

Бұл мерекелік жиында соз ал-ган “Қазакмыс” корпорация-сы-нын ұжымы мүшелері атынан Тұрсынбек Мақышев, Галина Смирна және басқалары Елбасы-нын мемлекетіміздің қуатын нығайтып, бедел-мерейін осіру бағытындағы саликалы саяса-тына, зор енбегіне алғыстарын жеткізді.

Кеше ондірістік онірге жұмыс сапары барысында Президент Н.Ә.Назарбаев Жезқазған мыс қорыту зауытында болды. Мұнда ондірісті технологияландырудағы, автоматтандырудағы, Балқаштағы сияқты қоршаған ортаны жақсарту мақсатындағы іс-шаралармен танысты.

Мемлекет басшысы Жезқазған қаласында жақында пайдалануға берілген “Нұр Отан” халықтық-демократиялық партиясының сәулетті ғимаратын аралап қорді. Оның алдында жиналған қауымға еліміздегі демократиялық жанару-дың жарқын қорінісіне айналған Мә-жіліс пен мәслихаттар сайлау-ларында аймақ сайлаушыларының да үлкен белсенділік танытқан-дығын атап өтті.

Өркені өскен өлке үлкен өзге-ріс-тер үстінде. Жезқазған мен Бал-қаш отандық индустрияның қаш-бас-шылық орнын нығайту жолын-да үлгілі үдерістерін өрістетте түсуде.

Кәсіпорынды аралап шыққан-нан кейін Елбасы бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне сұхбат берді. Онда еліміз экономикасының жана серпінмен дамуында Қарағанды облысының жетекші орын алып отырған-дығына он баға берілді.

Авторы: Айқын НЕСІПБАЙ, Қарағанды облысы. Суреттерді түсіргендер С.БОНДАРЕНКО, Б.ОТАРБАЕВ.

"Егемен Қазакстан"